білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республика деңгейінде немесе халықаралық деңгейде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, чемпионаттарға қатысушылары болады;

республикалық деңгейдегі ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының республика деңгейінде ұйымдастырған педагогтері үшін (кемінде 3 облысты қамти отырып) тәжірибені таратады.

57. «Екінші санат», «бірінші санат», «жоғары санат» біліктілік санаттары бар педагогтер өтініш негізінде осы Қағидаға сәйкес тиісінше немесе жалпы

негіздерде «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беру үшін біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

Мәлімделген біліктілік санаттарына өтпеген педагогтерге санат ПББ нәтижелері негізінде беріледі. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру үшін ПББ ұпайлары жеткіліксіз болған жағдайда, педагогке «педагог» санаты беріледі.

58. Педагогтер біліктілік санатын беруге (растауға) кезекті аттестаттау кезінде өтініші негізінде біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

59. Біліктілік санаттарын сақтай отырып, аттестаттау педагогтердің өтініші негізінде, екі жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулар бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;

2) жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға;

4) педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі;

5) егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса.

60. Жасы зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер осы Қағиданың 54-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтеді.

61. Педагогтерге біліктілік санатын беру білімі туралы дипломда немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) сәйкес немесе (бірінші басшылар, басшылардың орынбасарлары, бөлім басшылары (меңгерушілер), білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, арнайы педагогтер, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері үшін) атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік беріле отырып жүзеге асырылады.

62. Білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту кезінде біліктілік санатын беру негізгі лауазым бойынша жүргізіледі.

Негізгі лауазым бойынша берілген біліктілік санаты білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген оқытылатын пәндерге де қолданылады.

63. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттары) педагогтеріне кезекті біліктілік санатын беру (растауды) оқытатын бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес өтеді.

«Педагог (оқытушы)» лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты «бөлімше меңгерушісі», «өндірістік оқыту шебері», «аға шебер» лауазымдарына қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызмет ауысқан немесе жүзеге асырылған кезде сақталады.

«Бөлімше меңгерушісі», «өндірістік оқыту шебері», «аға шебер» лауазымдары бойынша берілген біліктілік санаты «педагог (оқытушы)» лауазымына ауысқан және қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызметті жүзеге асырған кезде сақталады (таратылады).

64. «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» пәні бойынша сабақ беретін педагогтер «Технология», «Бейнелеу өнері», «Сызу» мамандықтары бойынша; «Графика және жобалау» пәні бойынша – «Бейнелеу өнері», «Сызу», «Информатика» мамандықтары бойынша дипломмен аттестаттаудан өтеді, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатына сәйкес кәсіптік оқуы ескеріледі.

65. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда оның бұрын алған санаты сақталады. Кезекті біліктілік санатын беру біліктілікті арттыру туралы құжаты болған жағдайда жалпы негізде жүзеге асырылады.

66. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті басқа лауазымға тағайындаған кезде қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

## 4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

67. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

1) «педагог-сарапшы» - педагог кемінде төрт талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;

аудандық/қалалық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) педагогтер үшін іс-шаралар өткізуге қатысады;

C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері.

2) «педагог-зерттеуші» - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыстық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

3) «педагог-шебер» - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте республикалық деңгейде тәжірибені таратады;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;

Қазақстан Республикасының «Үздік педагогі» атағына ие болған адамдар.

Комиссия «мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған кезде мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

## 5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

68. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысының біліктілік санаты үш жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысы орынбасарларының біліктілік санаты бес жылға жарамды.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

69. Тиісті деңгейдегі аттестаттау органының персоналды басқару қызметі жыл сайын қыркүйектің бірінші онкүндігінде аттестатталатын білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының алдағы күнтізбелік жылға тізбесін айқындайды және сәйкес деңгейдегі Комиссияға жібереді.

70. Бастапқы аттестаттау рәсіміне қатысатын білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары ПББ нәтижелеріне және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға сәйкес кезектілікті сақтамай біліктілік санатын беруге өтініш беруге құқылы. Кейінгі аттестаттау бірізділік принципіне сәйкес жүргізіледі.

71. Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде аттестаттауды өткізу кестесіне сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

72. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нұсқаулық бойынша білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшыларының, басшы орынбасарларының материалдарын (портфолио) бағалау парақтарын толтырады, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес аттестатталушының қызметінің нәтижелерін таныстырумен әңгімелесу өткізеді.

Портфолионы қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде бір жыл сақталады.

73. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшыларын, басшылардың орынбасарларын кезекті аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;

қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;

мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;

біліктілік санатына сәйкес келмейді (қайта аттестаттауға жатады).

Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді.

74. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі біліктілік санатын беруге тиісті деңгейдегі комиссияға қызмет нәтижелерінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкес екі жыл ішінде үздіксіз қол жеткізу негізінде мерзімінен бұрын өтініш беруге құқылы.

«Мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес келмейді» шешімін қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені педагогке жолдайды. Бұл ретте қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

75. «Басшы-ұйымдастырушы» біліктілік санаты «үшінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-менеджер» біліктілік санаты «екінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-көшбасшы» біліктілік санаты «бірінші санаттағы басшы» біліктілік санатына теңестіріледі.

76. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаты басшы, басшының орынбасары лауазымындағы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Бірінші басшы білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымына және керісінше ауысқан кезде басшының (басшының орынбасарының) қолданыстағы біліктілік санаты келесідей лауазымдар бойынша біліктілік санаттары шеңберінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады:

«бірінші санатты басшы» - «бірінші санаттағы басшының орынбасары»;

«екінші санаттағы басшы» - «екінші санаттағы басшының орынбасары»;

«үшінші санаттағы басшы» - «үшінші санаттағы басшының орынбасары».

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
1-қосымша

Нысан

_____________________________
*(тестілеуді өткізу жөніндегі ұйымның басшысына)*

**Педагогтің білімін бағалаудан өтуге өтініш**

Мен,_______________________________________________________,
(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

ЖСН______________________________________________________________

_________________________________________________________________

(диплом бойынша мамандық) мені 20___ жылы педагогтің білімін бағалаудан (ПББ) өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта________жылғы _______ айының ___күніне дейін жарамды біліктілік санатым бар/немесе жоқ

Тестілеуді тапсыру тілі (керегінің астын сызу керек): қазақша/орысша.

Жұмыс орны:

_______________________________________________________________
*(білім беру ұйымының атауы, лауазымы)*

ПББ рәсіміне қатыса отырып, дербес деректерді өңдеуге өз келісімімді беремін.

ПББ (тестілеу) өткізілетін ғимаратта тыйым салынған заттарды пайдалануға әрекет жасағаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етілдім.

Тыйым салынған зат табылған кезде ережелерді бұзу актісі жасалып, нәтижелері жойылатыны, педагог аудиториядан шығарылатыны, бір жыл мерзімге ПББ рәсімінен өту құқығынан айырылатыны, бұзушылық қайталанған жағдайда педагог, бөлім басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық)

басшысының орынбасары бес жыл мерзімге, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы (басшысының орынбасары) – үш жылға жіберілмейтіні туралы хабарланды.

ПББ рәсімін өткізу талаптарын бұзу фактілері, сондай-ақ рәсімнің бейнежазбасын қарау кезінде анықталған қағидаларды бұзу фактілері анықталған кезде, тапсыру мерзіміне қарамастан, қағидаларды бұзу актісі жасалып, нәтижелердің күші жойылатыны хабарланды.

ПББ өткізу талаптарын бұзу актісімен танысуға және оған қол қоюға міндетті екендігі туралы хабардар етілді.

Тыйым салынған заттар: сыртқы байланысты немесе деректерді сақтауды және іздеуді қамтамасыз ететін кез келген электрондық құрылғылар; шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер; калькулятор және түзету сұйықтығы.

«____»_________ 20___ жыл

__________________ (қолы)

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
2-қосымша

## Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін ПББ балдарын бөлу

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | «Мектепке дейінгі педагогика және психология» | 20 | 50% | 25 |
| | «Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі» | 30 | | |
| Педагог - модератор | «Мектепке дейінгі педагогика және психология» | 20 | 60% | 30 |
| | «Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі» | 30 | | |
| Педагог - сарапшы | «Мектепке дейінгі педагогика және психология» | 20 | 70% | 35 |
| | «Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі» | 30 | | |
| Педагог - зерттеуші | «Мектепке дейінгі педагогика және психология» | 20 | 80% | 40 |
| | «Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі» | 30 | | |
| Педагог - шебер | «Мектепке дейінгі педагогика және психология» | 20 | 90% | 45 |
| | «Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі» | 30 | | |

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | «Пәндік білім» | 30 | 50% | 25 |
| | «Оқыту әдістемесі» | 20 | | |
| Педагог - модератор | «Пәндік білім» | 30 | 60% | 30 |
| | «Оқыту әдістемесі» | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | «Пәндік білім» | 30 | 70% | 35 |
| | «Оқыту әдістемесі» | 20 | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагог - зерттеуші | «Пәндік білім» | 30 | 80% | 40 |
| | «Оқыту әдістемесі» | 20 | | |
| Педагог - шебер | «Пәндік білім» | 30 | 90% | 45 |
| | «Оқыту әдістемесі» | 20 | | |

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | «Педагогика негіздері» | 30 | 50% | 25 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - модератор | «Педагогика негіздері» | 30 | 60% | 30 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | «Педагогика негіздері» | 30 | 70% | 35 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - зерттеуші | «Педагогика негіздері» | 30 | 80% | 40 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог – шебер | «Педагогика негіздері» | 30 | 90% | 45 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |

Арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, кәсіптік бағдар берушілер үшін

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | «Педагогика негіздері» | 30 | 50% | 25 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - модератор | «Педагогика негіздері» | 30 | 60% | 30 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | «Педагогика негіздері» | 30 | 70% | 35 |
| | | 20 | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Психология негіздері» | | | |
| Педагог - зерттеуші | «Педагогика негіздері» | 30 | 80% | 40 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - шебер | «Педагогика негіздері» | 30 | 90% | 45 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |

Арнайы білім беру ұйымдарының және білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>4) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). | 30 | 50% | 25 |
| | Арнайы педагогика және психология | 20 | | |
| Педагог - модератор | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>4) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). | 30 | 60% | 30 |
| | Арнайы педагогика және психология | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); | 30 | 70% | 35 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). | | | |
| | Арнайы педагогика және психология | 20 | | |
| Педагог - зерттеуші | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>4) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). | 30 | 80% | 40 |
| | Арнайы педагогика және психология | 20 | | |
| Педагог - шебер | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>4) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). | 30 | 90% | 45 |
| | Арнайы педагогика және психология | 20 | | |

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттар) педагогтері үшін (жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері):

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | Пәндік білім | 30 | 50% | 25 |
| | Оқыту әдістемесі | 20 | | |
| Педагог - модератор | Пәндік білім | 30 | 60% | 30 |
| | Оқыту әдістемесі | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | Пәндік білім | 30 | 70% | 35 |
| | Оқыту әдістемесі | 20 | | |
| Педагог - зерттеуші | Пәндік білім | 30 | 80% | 40 |
| | Оқыту әдістемесі | 20 | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагог - шебер | Пәндік білім | 30 | 90% | 45 |
| | Оқыту әдістемесі | 20 | | |

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өзге де лауазымдарының педагогтері үшін

| Санаттар | Блок | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|
| Педагог | «Педагогика негіздері» | 30 | 50% | 25 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - модератор | «Педагогика негіздері» | 30 | 60% | 30 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - сарапшы | «Педагогика негіздері» | 30 | 70% | 35 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - зерттеуші | «Педагогика негіздері» | 30 | 80% | 40 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |
| Педагог - шебер | «Педагогика негіздері» | 30 | 90% | 45 |
| | «Психология негіздері» | 20 | | |

## Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін

| Санаттар | Блок | | Пән бойынша балдар | | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Педагог | Оқыту әдістемесі, ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу | Оқыту әдістемесі | 20 | 50 | 50% | 25 |
| Педагог - модератор | | | | | 60% | 30 |
| Педагог - сарапшы | | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 12 | | 70% | 35 |
| Педагог - зерттеуші | | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 6 | | 80% | 40 |
| Педагог - шебер | | «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 12 | | 90% | 45 |

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

| Санаттар | Блок | | Пән бойынша балдар | | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кезекті біліктілік санатын беру | ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі | 10 | 60 | 70% | 42 |
| | | Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс | 10 | | | |
| | | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 10 | | | |
| | | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 5 | | | |
| | | «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 10 | | | |
| | | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы | 5 | | | |
| | | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 10 | | | |

Қосымша білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

| Санаттар | Блок | | Пән бойынша балдар | | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кезекті біліктілік санатын беру | ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі | 12 | 60 | 70% | 42 |
| | | Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс | 10 | | | |
| | | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 12 | | | |
| | | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 6 | | | |
| | | «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 10 | | | |
| | | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 10 | | | |

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
3-қосымша

Нысан

**Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарын бұзу актісі**

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының тармағы
_______________________________________________________________
___________________________________________________________

20____жылғы «______»_____________________сағ._______мин.

__________________________________________бұл туралы акт жасалды.

Педагог_____________________________________________________,
*(Т.А.Ә. (бар болса)*

ЖСН______________________________________________________________

Жұмыс орны_____________________________________________________,

Аудитория №___, орын №____, ПББ кезінде аудиториядағы тәртіп ережелерін бұзды:

______________________________________________,
*бұзушылық фактісінің сипаттамасы*

Осы факт негізінде материал алынды /педагог аудиториядан шығарылды / ПББ нәтижелері жойылды.

Аудитория бойынша кезекші ___________________________________
*(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)*

ПББ жүргізуге жауапты______________________________________
*(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)*

Бақылаушы ______________________________________
*(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)*

Актімен таныстым ___________________________________________
*(Т.А.Ә. (бар болса) педагог қолы)*

Күні:_______
Мөр орны

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
4-қосымша

Нысан

**Педагогтердің білімін бағалаудан өткені туралы сертификат**

_____________________________________________________________

педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

«___» __________20____ж., ______________________ біліктілік санатына

_________________қаласындағы ПББ қатысты.

ПББ келесі нәтижесін көрсетті:

1) өтінім берілген біліктілік санатына бал жинады: «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер»

(керегінің астын сызу керек)/ (ПББ-дан өтті),

2) біліктілік санатына төмен деңгейде балл жинады: «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»

(керегінің асты сызылсын).

3) ПББ өтпеді.

ПББ нәтижесі

| № | Модульдің атауы | Тест тапсырмаларының саны | Максималды балл саны | Жинаған балл саны |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Барлығы | | | | |

*Ескертпе:*

*Апелляцияға берген педагогтердің жеке кабинетіне апелляцияны ескере отырып, ПББ өткені туралы анықтама жіберіледі. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш берген кезде апелляция нәтижесімен берілген сертификат ескеріледі.*

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
5-қосымша

**Біліктілік санатын беру (растау) туралы**
**КУӘЛІК**

Осы куәлік_______________________________________________________
*(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)*

20__ «__»______ Біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес

_____________________________________________________________
*(білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық атауы)*

20 ___жылғы «___» ____ № бұйрығымен______________біліктілік санаты

____________________________лауазымы бойынша берілді (расталды).
*(лауазымның атауы)*

Осы куәлік 20 __ жылғы «___» ________________ дейін жарамды.

Білім беру ұйымының/білім беруді басқару органының басшысы

________________________________________________________________
*(ТАӘ (болған жағдайда), қолы)*

Басып шығару орны

Тіркеу нөмірі __________________

Берілген күні «____» __________ 20 ____ жыл

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
6-қосымша

**Педагогтің/бөлім басшысының (меңгерушісінің) және әдістемелік кабинеті (орталық) әдіскерінің біліктілік санатын беруге (растауға) арналған комиссия отырысының хаттамасы**

20____ жылғы «___» __________________

Комиссия төрағасы

_______________________________________________________________

Комиссия мүшелері:

1. ____________________________________________________________

2. ____________________________________________________________

**Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша комиссияның шешімі**

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді

| № | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Кезекті / мерзімінен бұрын педагогтер үшін | Біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді

| № | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Кезекті/ мерзімінен бұрын педагогтер үшін | Біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Себебі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді

| № | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Кезекті / мерзімінен бұрын педагогтер үшін | Біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Қолданыстағы біліктілік санатынан төмен санатқа сәйкес келеді

| № | Т.А.Ә. | Лауазымы | Кезекті / мерзімінен бұрын педагогтер үшін | Біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (бар болған жағдайда) | | | | | |
| | | | | | | |

Комиссия төрағасы

______________________________(қолы )

Комиссия мүшелері

______________________________ (қолы)

______________________________ (қолы)

______________________________ (қолы)

______________________________ (қолы)

Хатшы: ______________________ (қолы)

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
7-қосымша

20______ жылғы «___» _________ ________________________________
*(комиссияның толық атауын көрсету)*

**Аттестаттау комиссиясы отырысының № ___ хаттамасынан үзінді**

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша комиссия ШЕШІМІ

____________________________________________________________
*аттестатталушы педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)*

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)

____________________________________________________________
*біліктілік санаты*

Біліктілік санатына сәйкес келеді

____________________________________________________________

Комиссия хатшысы ____________ _______________________________
қолы *Т.А.Ә.*
(бар болған жағдайда)

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
8-қосымша

Нысан

## «Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі

| «Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі | | |
|---|---|---|
| 1 | Қызмет берушінің атауы | Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бөлімдері, білім беру ұйымдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) «электрондық үкіметтің» egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде – 20 минут;<br>2) портал арқылы – 1 (бір) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Портал арқылы жүгінген кезде құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не қызмет берушінің ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі. |
| 6 | ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері | Жеке тұлғаларға тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілген қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>көрсетілген қызмет берушіде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті қоспағанда сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;<br>2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) |
| 8 | | 1) өтініш; |

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі | 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) білім туралы диплом;<br>4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);<br>5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;<br>6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;<br>7) ПББ өткендігі туралы сертификат;<br>8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);<br>9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар;<br>10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар.<br>11) Эссе (250–300 сөз) |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;<br>2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.<br>Қызмет берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777, болған жағдайда порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz. |

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
9-қосымша

Нысан

Аттестаттау
комиссиясының төрағасы
_________________________

## Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерін аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш

_____________________________________________________________

*(Т.А.Ә. (бар болса)*

ЖСН__________________________________________________________

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта ____________________________

_____________________________________________________ 20____жылы

_____________________________________________________________

_______________________________________________________________

*лауазымы (мамандығы)*

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты беру/ растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің ____ (күні) ____ (айы) _______ жылға дейін жарамды ______________________________________ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы______________________________________
_____________________________________________________________

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

«_____» __________ 20 ___ жыл __________________

(қолы)

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
10-қосымша

Нысан

___________________________
қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама**

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.

Осы хабарлама «____» __________20___ жылы жіберілді.

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
11-қосымша

Нысан

___________________________
қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама**

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш _______________________________________________________________________________,

атап айтқанда /*жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:*

1)________________________________________;

2)________________________________________;

3)________________________________________ байланысты қабылданбады.

Осы хабарлама «____» __________20___ жылы жіберілді.

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
12-қосымша

Нысан

______________________
*қызмет алушының Т.А.Ә.*
*(бар болған жағдайда)*

**Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдау туралы қолхат**

______________________________________
*(көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)*
______________________________________
*(мекенжайы)*
______________________________________
*(көрсетілетін қызмет алушының Т. А. Ә (бар болған жағдайда) көрсету)*
______________________________________
*(білім беру ұйымының атауы)*
______________________________________

Педагогтерді аттестаттауға қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі:

1) ______________________________________
2) ______________________________________
3) ______________________________________

«____» ___________20___жыл

Алды: ______________________________________
*/ қызмет алушының Т. А. Ә, (бар болса)*

«____» ____________20___жыл ______________ /қолы/

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
13-қосымша

Нысан

__________________________
*қызмет алушының*
*Т.А.Ә. (бар болса)*

**Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

__________________________________________________________

(көрсетілетін қызмет берушінің *немесе веб-порталдың атауы*)

____________________________________________
*(мекенжайы)*

аттестаттауға қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

____________________________________________
*(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) көрсету)*

____________________________________________
*(білім беру ұйымының атауы)*

____________________________________________

құжаттардың болмауына / сәйкес келмеуіне байланысты, атап айтқанда:

1) _________________________________________________;

2) _________________________________________________;

3) _________________________________________________.

«____» ___________20___ж.

Алды:

______________________________________________________________________

*/ Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)*

«____» ____________20___ж. ______________ /қолы/

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
14-қосымша

**Портфолионы қабылдау-тапсыру актісі**

20__ жылғы «___»________

Біз, төменде қол қойғандар, Сараптамалық кеңестің Төрағасы

_____________________________________________________________
(тиісті деңгей) *(Т. А. Ә. (бар болса) көрсету)*

бір жағынан және Комиссия төрағасы _______________ _____________

(тиісті деңгей) (Т. А. Ә. *(бар болса)* екінші жағынан, портфолионың (электрондық/ қағаз форматта) берілгені және қабылданғаны туралы акт жасадық:

| № | Т.А.Ә. (бар болса) | Лауазымы | Біліктілік санаты | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Берілген | Мәлімделген |
| | | | | |

Тапсырды: ___________ ________________________________________
Комиссияның төрағасы *(қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)*

Қабылдады: _______________ _______________________________________

Сараптама комиссиясының төрағасы *(қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)*

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 02.04.2024
Сақтау күні 13.01.2025
Дата редакции 02.04.2024
Дата скачивания 13.01.2025

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
15-қосымша

## Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

| № | Критерийлер | Біліктілік санаты | | | | Комиссия балдары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеуші | Педагог-шебер | |
| 1 | Білім беру сапасын қамтамасыз ету | | | | | |
| 1.1 | Білім сапасы *(динамика)*/<br>Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы *(тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АӘТД -ұйымдастырушы педагогтерді, педагог-психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда)* | дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес *(білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады)* | | | | |
| | | тұрақсыз динамика<br>*3 жыл* бойы | *3 жыл* бойы бір деңгейде | 1–2% өсу | 3 және одан да көп % өсу | |
| | Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы<br>*(ПМПК қоспағанда)* | 40 % | 50 % | 60 % | 70 % | |
| | балл | 1 | 2 | 3 | 4 | |
| 1.2 | Оқыту сапасы<br>(ұйымдастыру, өткізу) | сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті ) бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған);<br>тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі - соңғы оқу жылында *(кемінде бір рет)*<br>*(бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)* | | | | |
| | Бақылаулар саны (жыл сайын) | 5 | 5 | 5 | 5 | |
| | балл | 61 | 71 | 81 | 91 (102) | |
| 2 | Жетістіктер | дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері *(білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)* | | | | |
| 2.1 | Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының | Білім беру ұйымы | аудан /қала | облыс<br>(республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *(тиісті деңгейдегі)* немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы<br>*Ескерту[1]: тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД -ұйымдастырушы педагогтер, педагог- психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін,*<br>*білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін - бар болса*<br>*Ескерту[2]: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады* | | | | | |
| | балл | 1 | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 4.3 | Басшының жұмыс / шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге, немесе конкурстық комиссияларға қатысуы | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана))* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 5 | Біліктілікті арттыру | | | | |
| 5.1 | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстары *(жалпы сағат саны)* | *72* | *80* | *108 және одан көп* | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін (жалпы сағат саны)* | *36* | *72* | *80* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| | барлығы | 38 | 49 | 62 (65) | |
| *Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, арнайы мектептердің басшысы* | | 36 | 46 | 58 (61) | |
| *мектепке дейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының, МЖМБС орындауды талап етпейтін білім алушыларға арналған арнайы мектептердің басшысы* | | 34 | 43 | 54 (57) | |
| *арнайы білім беру ұйымының басшысы (ППТК, ОО, БО )* | | 32 | 40 | 50 (53) | |
| *арнайы білім беру ұйымының басшысы (ПМПК)* | | 30 | 37 | 46 (49) | |
| Ұсыныстар:<br>*мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес келеді)*<br>*мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес келеді)*<br>*қайта аттестаттауға жіберіледі* | | | | | |

«______» ____________ 20_____ ж

________________________________________

*Қолы* *Сарапшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (Комиссия мүшесінің)*

## Әдістемелік кабинет (орталық) басшысының материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы

| № | Критерийлер | Біліктілік санаты | | | Комиссия бағалауы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Үшінші санаттағы басшы | Екінші санаттағы басшы | Бірінші санаттағы басшы | |
| 1 | Қызметтің және өзара іс-қимылдың ашықтығын қамтамасыз ету | | | | |
| 1.1 | Білім беру ұйымының ашықтығы | сайттың (сілтеменің), әлеуметтік желілердегі парақшалардың (сілтеменің) болуы және айына кемінде 2 рет жаңартылуы | | | |
| | балл | 2 | 2 | 2 | |
| 1.2 | Материалдық-техникалық базаны жақсарту (заманауи жабдықтарды, цифрлық зертханаларды, интерактивті жабдықтарды, оқу кабинеттерін және т. б. сатып алу)<br>*Ескерту: егер бюджеттен тыс қаражат есебінен МТБ қосымша жақсарса, 1 балл қосылады* | *жақсарту* | | | |
| | балл | 2 | 2 | 2 | |
| 1.3 | Білім беру ұйымдарымен, түрлі деңгейдегі әлеуметтік әріптестермен ынтымақтастық | *Келісімдер жасасу, іс-шаралар өткізу* | | | |
| | | аудандық деңгей | облыстық (республикалық маңызы бар қала) деңгей | республикалық (халықаралық) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | деңгей | |
| | балл | 2 | 2 | 2 | |
| 2 | Кадрлық әлеуетті дамытудың тиімділігі | | | | |
| 2.1 | Білім беру ұйымы педагогтерінің жалпы санынан «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтердің саны (динамика) | *тұрақсыз динамика (бір оқу жылында өсу динамикасының болуы)* | *3 жыл ішінде бір деңгейде* | *өсу динамикасының болуы* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3 | Тәжірибені жалпылау және тарату | | | | |
| 3.1 | Басшы әзірлеген бағдарламалар, оқу-әдістемелік материалдар | *аудандық /қалалық білім беру бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған* | *білім беру басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестікпен ұсынылған* | *білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңеспен (республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңес) ұсынылған* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3.2 | Басшының инновациялық (эксперименттік, шығармашылық) қызметке, әлеуметтік (білім беру) жобаларға қатысуы | *аудан/қала* | *облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 3.3 | Басшының жұмыс / шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға қатысуы | *аудан/қала* | *облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3.4 | Басшы әзірлеген бағдарламалар, оқу-әдістемелік материалдар | *аудандық /қалалық білім беру бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған* | *білім беру басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестікпен ұсынылған* | *білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңеспен (республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңес) ұсынылған* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 4 | Біліктілікті арттырру | | | | |
| 4.1 | Білім беру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстары *(жалпы сағат саны)* | *36* | *72* | *72 сағаттан астам* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| | барлығы | 18 | 24 | 30 (31) | |

Ұсыныстар:

*мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес)*

| |
|---|
| *мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес)* |
| *қайта аттестаттауға жатады* |

«______» ____________ 20_____ ж

_______________________________________________

*Қолы Сарапшының (комиссия мүшесінің ) Т.А.Ә.(болған жағдайда)*

## Білім беру ұйымы басшысы орынбасарының материалдары (портфолио) бойынша бағалау парағы

| № | Критерийлер | Біліктілік санаты | | | Комиссия бағасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Үшінші санатты басшы орынбасары | Екінші санатты басшы орынбасары | Бірінші санатты басшы орынбасары | |
| 1 | Қызметтің ашықтығын және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету (қызмет бағыттары бойынша) | | | | |
| 1.1 | Білім беру ұйымының ашықтығы | сайтта *(сілтеме)*, әлеуметтік желілердегі парақтарда *(сілтеме)* қызмет бағыттары бойынша материалдардың болуы және айына кемінде 2 рет жаңартылуы, БАҚ | | | |
| | Балл | 2 | 2 | 2 | |
| 1.2 | Білім беру ұйымдарымен әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік серіктестермен ынтымақтас-тық | *Келісімшарттар жасау, іс-шаралар өткізу* | | | |
| | | аудандық деңгей | облыстық (республикалық маңызы бар қала) деңгей | республикалық (халықаралық) деңгей | |
| | Балл | 2 | 3 | 4 | |
| 2 | Білім сапасын қамтамасыз ету (тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтендіру)<br>(қызмет саласы бойынша) | | | | |
| 2.1 | Білім сапасы /<br>Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы *(басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары үшін)*/<br>Жеке даму бағдарламасын жүзеге асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың дағдыларын қалыптастыру динамикасы *(динамика)*<br>МДТО ҮОБ *(мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы)* мазмұнын игеру динамикасы *(мониторинг)* | *3 жыл бойы бір деңгейде* | *3 жыл бойы бір деңгейде* | *өсу динамикасының болуы* | |
| | Балл | 2 | 2 | 4 | |
| 2.2 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беретін оқу орындарына бюджеттік негізде оқуға түскен түлектер саны<br>*Ескерту: орта білім беру ұйымы басшысының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары үшін* | *тұрақсыз динамика (бір оқу жылында өсу динамикасының болуы)* | *3 жыл бойы бір деңгейде* | *өсу динамикасының болуы* | |
| | Балл | 2 | 3 | 4 | |
| 2.3 | Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) жоспарына немесе білім беру саласындағы | *аудан/қала* | | *республикалық (халықаралық)* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органға сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысушы білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) болуы. *Ескерту[1]: егер жеңімпаз болса санына қарамастан 1 ұпай қосылады* *Ескерту[2]: қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін – бар болған жағдайда* | | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана))* | | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 3 | Кадрлық әлеуетті дамыту тиімділігі (қызмет бағыттары бойынша) | | | | |
| 3.1 | Білім беру ұйымындағы педагогтердің жалпы санынан «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтер саны *(басшының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары үшін)* | *тұрақсыз динамика (бір оқу жылында өсу динамикасының болуы)* | *3 жыл бойы бір деңгейде* | *өсу динамикасының болуы* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3.2 | Өзінің цифрлық білім беру ресурстарын әзірлейтін педагогтердің болуы, ұсынылған *(цифрландыру жөніндегі басшының орынбасары үшін)* | *білім беру ұйымының оқу-әдістемелік кеңесімен* | *аудандық /қалалық білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен* | *облыстық білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3.3 | Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) жоспарына немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органға сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысушы болған педагогтердің болуы. *Ескерту: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады* | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 3.4 | Қызмет бағыттары бойынша (инклюзивті білім беру) біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | *50%* | *60%* | *70% және одан жоғары* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 3.5 | Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) жоспарына немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органға сәйкес басшы орынбасарының кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысуы. *Ескерту: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады* | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 4 | Тәжірибені жалпылау және тарату (қызмет бағыттары бойынша) | | | | |
| 4.1 | Басшы орынбасары әзірлеген бағдарлама, оқу-әдістемелік, әдістемелік материалдар, ұсынылған | *аудандық/ қалалық білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен* | *білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың* | *білім басқармасы уәкілетті орган жанындағы республикалық* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен* | *оқу-әдістемелік кеңесімен (республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесімен)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 4.2 | Басшы орынбасарының семинарларда, конференция-ларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптар-да, біліктілікті арттыру курстарында және т.б. сөз сөй-леуі | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 4.3 | Басшы орынбасарының ғылыми-зерттеу қызметі негізіндегі жарияланымдары<br>*Ескерту: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады* | | Балаларды ерте дамыту институ-тын-да,<br>ҚР ОАМ РҒПҚБ-БО, Ыбырай Ал-тынсарин атын-дағы Ұлттық білім академиясы ның басылымын-да | ҚР ОАМ РҒ-ПҚББО, ҚР ҒЖ-БМ БССҚЕК<br>ұсынған басы-лымда | |
| | балл | | 5 | 6 | |
| 4.4 | Басшы орынбасарының инновациялық (тәжірибелік, шығармашылық) іс-шараларға, әлеуметтік (білім бе-ру) пилоттық жобалар мен бағдарламаларға, иннова-циялық алаңдарға басшы орынбасарының қызмет бей-іні бойынша қатысуы | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 4.5 | Басшы орынбасарының жұмыс/ шығармашылық топ-тарға немесе сараптамалық кеңестерге, конкурстық комиссияларға қатысуы | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 5 | Біліктілікті арттыру | | | | |
| 5.1 | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстары *(жалпы сағат саны)* | *72* | *80* | *108 және одан жоғары* | |
| | *Ескерту: мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін (жалпы сағат саны)* | *36* | *72* | *80* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| Қорытынды | | 30 | 47 | 62 (67) | |
| Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына | | 28 | 44 | 58 (67) | |

*Ұсыныстар:*

*мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес келеді)*

*мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес келеді)*

*қайта аттестаттауға жіберіледі*

«______» ____________ 20_____ ж____________

________________________________________________________________

*Қолы Сарапшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (Комиссия мүшесінің)*

# Әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары материалдарын бағалау парағы (портфолиосы)

| № | Критерийлер | Біліктілік санаты | | | Комиссия бағалауы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Үшінші санатты басшының орынбасары | Екінші санатты басшының орынбасары | Бірінші санатты басшының орынбасары | |
| 1 | Қызметтің ашықтығын және өзара іс-қимылды қамтамасыз ету (қызмет бағыттары бойынша) | | | | |
| 1.1 | Білім беру ұйымының ашықтығы | қызмет бағыты бойынша сайтта (сілтеме), әлеуметтік желілердегі беттерде (сілтеме) материалдардың болуы және айына кемінде 2 рет жаңарту, БАҚ | | | |
| | балл | 2 | 2 | 2 | |
| 1.2 | Әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарымен, әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық | *Келісімдер жасасу, іс-шаралар өткізу* | | | |
| | | аудандық деңгей | облыстық (республикалық маңызы бар қаланың) деңгейі | республикалық (халықаралық) деңгей | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 2 | Тәжірибені жалпылау және тарату (қызмет бағыттары бойынша) | | | | |
| 2.1 | Басшысының орынбасары әзірлеген бағдарлама, оқу-әдістемелік, әдістемелік материалдар, ұсынылды | *аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі* | *білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік* | *білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесі)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| 2.2 | Басшы орынбасарының семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында және т. б. сөз сөйлеуі | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және Астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 2.3 | Зерттеушілік қызметі негізінде басшының орынбасарын жарияланымы (3 автордан артық емес) | | Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының басылымында, ҚР ОАМ РҚББОӘ Балаларды ерте дамыту институты | ҒЖБМ<br>ҒЖБССҚК<br>немесе ҚР ОАМ РҚББОӘ ұсынған басылымда | |
| | балл | | 5 | 6 | |
| 2.4 | Басшы орынбасарының инновациялық (эксперименттік, шығармашылық) қыз- | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және Астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | метке, әлеуметтік (білім беру) пилоттық жобалар мен бағдарламаларға, инновациялық алаңдарға қатысуы | | | | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 2.5 | Басшы орынбасарының жұмыс / шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға қатысуы | *аудан/қала* | *облыс (республикалық маңызы бар қала және Астана)* | *республикалық (халықаралық)* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 (5) | |
| 3 | Біліктілікті арттыру | | | | |
| 3.1 | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген менеджмент немесе әдістемелік жұмыс саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары (жалпы сағат саны) | *36* | *72* | *72 сағаттан астам* | |
| | балл | 2 | 3 | 4 | |
| | қорытынды | 14 | 25 | 32 (35) | |

Ұсыныстар:

*мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес) өтініш берілген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді (атқаратын лауазымына сәйкес келеді) қайта аттестаттауға жатады*

«______» ____________ 20_____ ж

________________________________________________________

*Қолы* *Сарапшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (комиссия мүшесі)*

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
20-қосымша

Нысан

**Білім беру ұйымы (әдістемелік кабинет (орталық)) басшысының (басшы орынбасарының) біліктілік санатын беруге (растауға) арналған аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы**

20____ жылғы «___» ___________________

Комиссия төрағасы:

__________________________________

Комиссия мүшелері:

1.__________________________________

2. __________________________________

Аттестаттау комиссиясының ШЕШІМІ:

1) сәйкес келеді:

- мәлімделген біліктілік санатына (атқаратын лауазымына);

- мәлімделгеннен төмен біліктілік санатына (атқаратын лауазымына)

| р /с | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазы-мы | Бар біліктілік санаты | Мәлімделетін біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссия ше-шімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

2) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес емес (атқаратын лауазымына сәйкес емес)

| р /с | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазы-мы | Бар біліктілік санаты | Мәлімделетін біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссия ше-шімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Комиссия төрағасы __________________________ (қолы)
Комиссия мүшелері:
_________________________ ______________________ (қолы)
________________________ ______________________ (қолы)
_________________________ ______________________
Хатшы: _________________________ ____________________

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
21-қосымша

Нысан

20___ жылғы «___» _____

Аттестаттау комиссиясы отырысының №________ хаттамасынан үзінді

___________________________________________________

*(комиссияның толық атауын көрсетіңіз)*

Біліктілік санатын беру (растау) нәтижелері бойынша Комиссияның шешімі

___________________________________________________

*әдістемелік кабинет (орталық), білім беру ұйымы басшысының (басшы орынбасарының), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)*

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді/ келмейді

___________________________________________________

*біліктілік санаты*

Комиссия хатшысы

__________ ______________________________

*қолы* *тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2016 жылғы 27 қаңтардағы
№ 83 бұйрығына 2-қосымша

## Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

*Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.10.2017 № 530 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 14.05.2020
Сақтау күні 13.01.2025
Дата редакции 14.05.2020
Дата скачивания 13.01.2025

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 мамырда № 20636 болып тіркелді

Министерство образования и науки Республики Казахстан

# «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

13317 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім беру мен ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өту үшін құжаттар қабылдау бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсанда № 632 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12449 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 13 бұйрығы.

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 31 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 15 ақпанда № 13075 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А. Аймагамбетов**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 14 мамыры № 202
Бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) апелляция - ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы берілетін ұлттық біліктілік тестілеу нәтижелерін қайта карауға педагогтің сұрау салуы;

2) аттестаттау комиссиясы - педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі - комиссия);

3) апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – республикалық апелляциялық комиссия) – білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия, ол педагогтер ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижелерімен келіспеген жағдайда даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

4) біліктілік санаты - осы Қағидаларда және Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларында айқындалатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін педагогтердің кәсіптік құзыреттілік деңгейі;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

7) педагог - тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын, «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес көрсетілген лауазымдарды атқаратын тұлға;

8) Ұлттық біліктілік тестілеу – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

## 2-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдар атқаратын педагогтерді аттестаттау (бұдан әрі – педагог) мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

1) Ұлттық біліктілік тестілеу;

2) біліктілік санатын беру (растау) рәсімі;

білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары үшін:

1) біліктілік бағалау;

2) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

1) Ұлттық біліктілік тестілеу;

2) біліктілік бағалау;

3) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

4. Педагогтерді аттестаттау бес жылда кемінде бір рет, білім беру ұйымдарының басшыларын – «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі.

5. Педагогтер аттестаттаудан өту үшін ұлттық біліктілік тестілеуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымға өтініш беру жолымен тапсырады және ұлттық біліктілік тестілеуден электрондық форматта өтеді.

6. Ұлттық біліктілік тестілеу педагог өтінішінде көрсетілген мерзімде өткізіледі.

7. Педагогтердің өтініштерін қабылдау кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын, білім беру ұйымдары басшыларының өтініштерін қабылдау тестілеу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жүргізіледі.

8. Ұлттық біліктілік тестілеуден өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік), күнін, уақытын таңдайды және білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым дайындайтын ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқаулықпен танысады.

9. Ұлттық біліктілік тестілеу:

1 (бір) рет – тегін,

қайта 1 рет және сынақ (педагогтің қалауы бойынша) - күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде,

білім беру ұйымдарының басшылары үшін - ақылы негізде тиісті күнтізбелік жылдың 1 айлық есептік көрсеткіші (АЕК) мөлшерінде өтеді.

10. Өтініш деректер базасына енгізілгеннен кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге рұқсаттама беріледі.

11. Ұлттық біліктілік тестілеу келесі тест тапсырмаларынан тұрады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:

«Мектепке дейінгі педагогика және психология» - отыз тапсырма;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

2) Жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

«Оқу пәнінің мазмұны» - жетпіс тапсырма;

Бастауыш білім беру педагогтері тестілеуді қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), әдеби оқу, математика пәндері бойынша тапсырады.

3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтер:

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

«Оқу пәнінің мазмұны» - жетпіс тапсырма;

Арнайы пәндер бойынша педагогтер:

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

«Қызмет бағыты бойынша» - жетпіс тапсырма;

Өндірістік оқыту шеберлері:

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

«Қызмет бағыты бойынша» - отыз тапсырма;

4) Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Психология негіздері» - отыз тапсырма;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

5) Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

«Оқу пәнінің мазмұны» - жетпіс тапсырма;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма.

6) Білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

«Заңнаманы білу» бағыты бойынша - 80 (сексен) сұрақ;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі - 20 (жиырма) сұрақ;

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі - 20 (жиырма) сұрақ;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - 20 (жиырма) сұрақ;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - 10 (он) сұрақ;

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - 10 (он) сұрақ;

«Басқару құзыреті» бағыты бойынша - 20 (жиырма) сұрақ.

12. Ұлттық біліктілік тестілеудің жалпы уақыты екі жүз он минутты, «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін екі жүз қырық минутты құрайды.

13. Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу операторы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) болып табылады.

14. ҰТО тест тапсырмаларының базасын әзірлейді. Ұлттық біліктілік тестілеуді ҰТО не білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым өткізеді.

15. Аудиторияға ұлттық біліктілік тестілеуін өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін және әрбір педагогтің өткізу пункттеріндегі орны бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

16. Осы Қағидалардың 19-тармағы бұзылған жағдайда заттарды табу және аудиториядан аудиторияда өзін-өзі ұстау ережесін бұзған педагогті шығару актісі және (немесе) осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тестілеуге жалған тұлғаны анықтау актісі жасалады.

17. Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу кезінде ережелерді бұзу фактілері анықталған, сондай-ақ қарау кезінде анықталған бейнежазбаны тапсыру мерзіміне қарамастан, акт жасалады және нәтижелердің күші жойылады.

18. Педагог тестілеу өткізу пунктінің ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжат және рұқсаттама негізінде оның жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі.

19. Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу кезінде аудиториядан кезекшінің рұқсатынсыз және ертіп жүруінсіз шығуға, бір-бірімен сөйлесуге, бір орыннан орнына ауысуға, материалдармен алмасуға, аудиториядан материалдар шығаруға, аудиторияға кіргізуге және заттарды (оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, цифрлық смарт-аппаратураны) пайдалануға жол берілмейді.

20. Отырғаннан кейін тестілеу басталғанға дейін тестілеу кезінде мінез-құлық ережелері бойынша аудиожазба жүргізіледі.

21. Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау былайша жүзеге асырылады:

1) ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау бар тапсырмалар үшін бір балл, қалған жағдайларда - нөл балл беріледі;

2) ұсынылған жауаптардан бірнеше дұрыс жауаптарды таңдаумен тапсырмалар үшін:

барлық дұрыс жауаптар үшін -екі балл;

бір қате үшін - бір балл;

жіберілген екі және одан да көп қателіктер үшін - нөл балл.

22. Тестілеу кезінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық біліктілік емтихандарын өткізуді жүзеге асырады:

1) педагогтер базасын қалыптастыру (өтініштерді қабылдау, ақпараттандыру үшін дербес деректерді енгізу: ЖСН, Т.А.Ә. (болған жағдайда), өтініш берілген біліктілік санаты, тапсыру тілі);

2) компьютерлік кабинеттердің дайындығын бақылау;

3) аудиторлық қорды ұсыну;

4) тестілеу кезінде пайдаланылатын компьютерлерді тестілеу өткізілгенге дейін бір күн бұрын дайындау;

5) педагогтерді компьютерлік кабинетке рұқсаттама, жеке басын куәландыратын құжат бойынша кіргізу және оларды отырғызу;

6) өтініш қабылдау, тестілеу өткізу, апелляциялық рәсімдер кезінде бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындау;

7) тестілеу аяқталғаннан кейін тестілеу нәтижелерін өңдеу және беру;

8) апелляцияны есепке ала отырып, апелляция жүргізу және нәтижелерді беру.

23. Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері бақылаушы ретінде қатысады.

24. Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог компьютер экранында көрсетілген тестілеу нәтижелерімен танысады.

25. Тестілеу нәтижесі – осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама – педагогтің жеке кабинетінде көрсетіледі. Педагогтің талабы бойынша тестілеу нәтижесі басып шығарылады, ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен және мөрімен куәландырады, қолына беріледі.

26. Келесі балл алған жағдайда тестілеу нәтижесі оң болып саналады:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:

«Мектепке дейінгі педагогика және психология»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту әдістемесі»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % ;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 35 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 40 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 45 %.

2) Жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Оқу пәнінің мазмұны» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % ;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 35 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 40 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 45 %.

3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Оқу пәнінің мазмұны» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Қызмет бағыты бойынша»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % ;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 35 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 40 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 45 %.

4) Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Психология негіздері»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Педагогика, оқыту әдістемесі»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % ;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 35 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 40 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 45 %.

5) Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

«Оқу пәнінің мазмұны»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 65 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 70 %;

«Педагогика, оқыту әдістемесі»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % ;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 35 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 40 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 45 %.

6) Жоғары оқу орындарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін жұмысқа алғаш рет қабылданғанда:

«Оқу пәнінің мазмұны»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%;

«Педагогика, оқыту әдістемесі»:

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 30 % .

7) білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

«Заңнаманы білу» бағыты бойынша:

үшінші біліктілік санатты басшы - 60%;

екінші біліктілік санатты басшы - 65%;

бірінші біліктілік санатты басшы - 70 %;

«Басқару құзыреті» бағыты бойынша:

үшінші біліктілік санатты басшы - 55%;

екінші біліктілік санатты басшы - 60%;

бірінші біліктілік санатты басшы - 70 %;

27. Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижесі бір жылға жарамды.

28. Ұлттық тестілеу аяқталғаннан кейін педагог нәтижелерімен (негіздемелермен дұрыс және дұрыс емес жауаптармен) танысады және негіздемелермен келіспеген жағдайда республикалық апелляциялық комиссияға ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляция береді.

29. Бірыңғай өлшемшарттардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, тестілеу өткізу кезеңінде тестіленетін құқықтарды қорғау мақсатында ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляцияларды қабылдауды қамтамасыз ететін Республикалық апелляциялық комиссия өз қызметін жүзеге асырады.

30. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

31. Республикалық апелляциялық комиссия өкілеттігінің қолданылу мерзімі бір жылды құрайды.

32. Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

дұрыс жауаптың жоқтығын негіздей отырып келіспеймін;

дұрыс жауап жоқ;

барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

дұрыс құрастырылмаған тест тапсырмасы.

2) техникалық себептер бойынша:

тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы.

33. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция берген кезде педагог дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді. Әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемені көрсетпей (толық түсініктеме, тапсырмаларды

қадамдық шешу) барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға өтініш қарауға жатпайды.

34. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған төраға, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды. Республикалық апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары тестілеуді өткізуге жауапты ұйымда бір жыл бойы сақталады.

35. Онлайн-қабылдау режимінде қаралған апелляция нәтижелері бойынша жеке кабинетте апелляцияны есепке ала отырып, нәтижелер көрсетіледі.

36. Тестілеудің теріс нәтижесін көрсеткен аттестатталушылар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

37. Ұлттық біліктілік тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) одан әрі аттестаттау рәсімі:

педагогтер үшін – «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес біліктілік санатын беру (растау);

білім беру ұйымдарының басшылары үшін - осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жүргізіледі.

38. Аттестаттау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

Педагог облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - ЖАО) немесе білім беру ұйымдарына не «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы;

республикалық білім беру ұйымдарының педагогі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына не Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш ұсына алады.

39. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі -

педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметті) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары көрсетеді.

40. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - республикалық білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі мемлекеттік қызметті) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары көрсетеді.

41. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 7, 8-қосымшаларға сәйкес педагогтерді, оның ішінде республикалық білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттау жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тиісті стандарттарында келтірілген.

42. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.

43. Өтініш беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды берген жағдайда, ЖАО-ның, білім беру ұйымының, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымының, білім беру саласындағы уәкілетті органның жауапты қызметкері не Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

44. Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, өтініш берушіге дайын құжаттарды беру күнін көрсете отырып,

құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі. Қалыптастырылған өтініштерді (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация тиісті ЖАО-ға, білім беру ұйымына, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымына не білім беру саласындағы уәкілетті органға жібереді.

45. Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

46. ЖАО, білім беру ұйымы, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган арқылы құжаттарды қабылдау кезінде ұсынылған құжаттардың толықтығы және өтініш берушінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тексеріледі, қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің және тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту беріледі.

47. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері тиісті мемлекеттік қызмет стандартында көзделген.

48. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда 46-тармақта көрсетілген іс-әрекет тиісті ЖАО-ға, білім беру ұйымдарына, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына, білім беру саласындағы уәкілетті органға құжаттар келіп түскен және тіркелген күні жүзеге асырылады.

49. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін тиісті ЖАО, білім беру ұйымы, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымы, білім беру саласындағы уәкілетті орган Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізеді.

50. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжаттарды не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілін ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі.

51. ЖАО, білім беру ұйымы, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымы, білім беру саласындағы уәкілетті орган «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген

тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

52. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

53. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсеткен көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

54. Педагогтерді аттестаттау үшін тиісті саланың уәкілетті органдарында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың,ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарында (бұдан әрі - аттестаттаушы орган) осы мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен комиссиялар құрылады.

55. Комиссия құрамына мемлекеттік органдардың, оның ішінде жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау органдарының өкілдері, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдарының, қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ аттестаттаушы органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіруі мүмкін.

56. Комиссия мүшелерінің тақ санынан тұрады, бұл ретте құрамы жеті мүшеден кем болмауы тиіс. Комиссия мүшелері Комиссия отырысына алмастыру құқығынсыз қатысады.

57. Комиссия төрағасы педагогтерді аттестаттаудан өткізетін мемлекеттік органның басшысы болып табылады. Төрағаның орынбасары комиссия мүшелерінің арасынан сайланады.

58. Хатшы оның комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссия хатшысы комиссия отырысына материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды, хаттаманы ресімдейді және қол қояды және дауыс беруге қатыспайды.

59. Комиссияның отырысы, егер оған оның құрамының кемінде 2/3-сі қатысса, заңды деп есептеледі.

60. Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

61. Комиссия отырыстарында аудио және бейне жазба жүргізіледі. Аудио және бейне жазбалар архивте кемінде үш жыл сақталады.

## 3-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

62. Білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарлары (бұдан әрі – аттестатталушы) Комиссияға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің біліктілік санатын көрсете отырып өтініш береді.

63. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын (бұдан әрі – аттестатталушы) аттестаттау портфолио негізінде біліктілік бағалауды және қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жалпылауды ғана қамтиды.

64. Аттестатталушы аттестаттау кезінде алғаш рет кез келген біліктілік санаттарына өтініш бере алады. Әрі қарай - бірізділікті сақтай отырып береді.

65. Аттестаттау қабылданған сәттен бастап үш жыл кезең өткеннен кейін алты айдан кешіктірілмей өткізіледі.

66. Қызметкердің жүктілігі және босануы бойынша демалыста, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге арналған демалыста, сондай-ақ егер

ауру Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін еңбекке қабілетсіздіктің анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне кіретін болса, еңбекке жарамсыздық парағында болуын қоспағанда, білім беру ұйымдарының барлық басшылары мен басшының орынбасарлары аттестаттауға жатады.

67. Бала күтімі бойынша демалыста жүрген аттестатталушы қызметке шыққаннан кейін кемінде алты ай өткен соң аттестатталады. Осы тармақта көрсетілген басқа да тұлғаларды аттестаттау аталған тұлғаның қызметке шығуы бойынша аттестаттау кестесімен айқындалады.

68. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау портфолио ұсынған аттестатталушының кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

69. Білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттауды өткізуге дайындықты білім беру ұйымдарындағы жауапты орындаушылар, аттестаттаушы органның кадр қызметі ұйымдастырады және келесі іс-шараларды қамтиды:

1) басшыларға (бұдан әрі-аттестатталушы) қызметтік мінездемені, ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтаманы, жұмыс тиімділігінің көрсеткіштері бойынша талдамалық есепті қамтитын қажетті құжаттарды дайындау;

2) аттестация өткізу кестесін бекіту.

70. Аттестаттаушы органның кадр қызметі жыл сайын 20 желтоқсанға дейін келесі жылы аттестаттауға жататын аттестатталушылардың тізімін айқындайды.

71. Аттестаттаушы органның басшысы органның кадр қызметінің ұсынысы бойынша жыл сайын 25 желтоқсаннан кешіктірмей бұйрық шығарады, онда аттестатталушылардың тізімі, аттестаттауды өткізу кестесі және комиссияның құрамы бекітіледі.

72. Аттестаттаушы органның кадр қызметі жыл сайын 30 желтоқсаннан кешіктірмей аттестатталушыларды аттестаттауды өткізу мерзімі туралы жазбаша хабардар етеді.

73. Аттестатталушыларға қызметтік мінездеме қамқоршылық кеңеспен және аттестаттаушы органның кадр қызметімен ресімделеді. Қызметтік мінездеме аттестатталушының кәсіби, жеке қасиеттері мен қызметтік іс-әрекетінің нәтижелеріне негізделген, объективті бағалауды қамтиды.

74. Аттестатталушы органның кадр қызметі аттестатталушыға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағын ресімдейді.

75. Аттестаттаушы органның кадр қызметі аттестаттауға құжаттарды қабылдау кезінде біліктілік баға береді.

76. Құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда аттестаттаушы органның кадр қызметі құжаттарды қабылдамайды және аттестатталушыға дәлелді бас тартуды ұсынады.

77. Аттестаттаушы органның кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын комиссияға жібереді.

78. «Білім беру ұйымы басшысының орынбасары», «білім беру ұйымының басшысы» біліктілік санаты лауазымға тағайындалған кезде автоматты түрде беріледі.

79. Аттестатталушы тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіби білімі не педагогикалық қайта даярлаудан өткен жағдайда «үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санатына үміткер болады.

Бұл ретте:

төменде көрсетілген кемінде үш көрсеткіштің орындалуы қамтамасыз етіледі:

білім беру ұйымының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мектепішілік бақылаудың (сапаны бақылаудың) алуан түрлерін пайдаланудың нәтижелілігі;

оқу/сабақ талдауының (оқуды/сабақты бақылау журналы (парақтары) оқуды /сабақты бақылау бағдарламасына сәйкестігі;

педагогтердің біліктілік санаттарын, мектепішілік бақылауды (сапаны бақылауды) жүзеге асыру үшін білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып деңгейлік дескрипторларды пайдаланудың нәтижелілігі;

жетекшілік ететін бағыт бойынша аудандық/қалалық деңгейде жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату.

80. Аттестатталушы тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіби білімі не педагогикалық қайта даярлаудан өткен жағдайда «екінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санатына үміткер болады.

Бұл ретте:

төменде көрсетілген кемінде үш көрсеткіштің орындалуы қамтамасыз етіледі:

мектепішілік бақылау (сапаны бақылау) үшін білім беру ұйымдарының ресурстарын (цифрлық, кадрлық, материалдық-техникалық) ұтымды пайдалану;

бақылау-өлшеу материалдарының алуан түрлерін пайдалану және олардың ақпараттылығы: оқу жетістіктерінің көрсеткіштері;

мектепішілік бақылауды ұйымдастыруда кері байланыс пен түзету қызметінің тиімділігі: «тігінен» (әкімшілік - мұғалім) және «көлденеңінен» (басқару субъектілері арасында);

облыстық деңгейде жетекшілік ететін бағыт бойынша жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату.

81. Аттестатталушы тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіби білімі не педагогикалық қайта даярлаудан өткен жағдайда «бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санатына үміткер болады.

Бұл ретте:

төменде көрсетілген кемінде үш көрсеткіштің орындалуы қамтамасыз етіледі:

мектепішілік бақылау (сапаны бақылау) нәтижелерінің объективтілігі мен пәрменділігі: өлшенетін көрсеткіштердің динамикасы;

мектепішілік бақылауды ұйымдастырудағы инновациялық тәсіл;

талдамалық материалдардың сапасы;

жетекшілік ететін бағыт бойынша жұмыс тәжірибесін республикалық немесе халықаралық деңгейде жалпылау және тарату;

педагогтердің әртүрлі санаттарымен сараланған жұмыс жүйесі.

82. Тиісті деңгейдегі комиссиясы мынадай біліктілік санаттарын береді:

«үшінші санатты басшы», «үшінші санатты басшының орынбасары» - аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, республикалық маңызы бар және астаналық қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - облыстық білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - білім беру саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы;

«екінші санатты басшы», «бірінші санатты басшы», «екінші санатты басшының орынбасары», «бірінші санатты басшының орынбасары» - облыстардың, республикалық маңызы бар және астаналық қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - білім беру саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы.

83. Комиссия аттестатталушы білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен аттестаттауды өткізеді.

84. Аттестатталушы дәлелді себеп бойынша комиссия отырысына келмеген жағдайда, оны аттестаттау мәселесін қарау күнтізбелік жеті күннен аспайтын мерзімге ауыстырылады.

85. Аттестатталушы дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда аттестаттаудың белгіленген күнінен бастап күнтізбелік жеті күн өткен соң қайта аттестаттау тағайындалады. Дәлелсіз себептермен қайта келмеген жағдайда білім беру ұйымдарының басшылары аттестатталмаған деп есептеледі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы тәртібімен жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылады.

86. Отырыс барысында Комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталатын адамды тыңдайды.

87. Ұсынылған материалдарды зерделеу және аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесімен әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушыға бағалау парағы толтырылады.

88. Осы Қағидаларға 14-қосымшада белгіленген көрсеткіштердің орындалуын аттестатталушы әңгімелесуде ұсынады.

89. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген санатты растаумен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

90. Комиссия «өтініш берілген санатқа аттестатталмады» деген шешім қабылдаған кезде білім беру ұйымы басшысының орынбасары осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өткен күннен бастап бір жылдан ерте емес уақытта қайта аттестаттауға өтеді.

91. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген санатты растаумен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

92. Қайта аттестаттау кезінде Комиссия «өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады» деген шешім қабылдаған жағдайда қолда бар біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.

93. Білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына ротациямен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;

еңбек шартты бұзуымен өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

94. Комиссия «өтініш берілген санатқа аттестатталмады» деген шешім қабылдаған кезде аттестатталушы осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өткен күннен бастап үш айдан ерте емес (аттестатталатын кезең үшін бір реттен артық емес) уақытта қайта аттестаттауға өтеді.

95. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына ротациямен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;

еңбек шартты бұзуымен өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

96. Комиссия «бірінші біліктілік санатты басшы» немесе «екінші біліктілік санатты басшы» біліктілік санаты бар аттестатталушыда қайта аттестаттау кезінде «өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады» деген шешім қабылдаған жағдайда, біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді; «үшінші біліктілік санатты басшы» біліктілік санаты бар басшылармен еңбек шарты бұзылады.

97. Аттестатталушы комиссияның шешімімен танысады.

98. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия хатшысы мен оның отырысына қатысқан Комиссия мүшелері қол қояды.

99. Комиссия шешімі аттестатталушылардың аттестаттау парақтарына енгізіледі.

100. Аттестаттаудан өткен аттестатталушының аттестаттау парағы және оған қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады. Комиссияның шешімі аттестатталушының қызметтік тізіміне енгізіледі.

101. Комиссияның шешімі жыл сайын ағымдағы жылдың 15 шілдесінен және 25 желтоқсанынан кешіктірілмей аттестаттаушы органның бұйрығымен ресімделеді. Тиісті бұйрықтың негізінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес біліктілік бере отырып (растай отырып) аттестаттау туралы куәлік беріледі.

102. Біліктілік берілетін (расталатын) аттестаттау туралы куәлік осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
1-қосымша

Нысан

________________________________
(тестілеуді өткізу бойынша ұйымның басшысына)

**Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға өтініш**

Мен,
__________________________________________________________________________,

**(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)**

ЖСН
________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

**(лауазымы, жұмыс орны)**

мені келесі тест тапсырмалары бойынша ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын:

________ аттестаттауға 20___ жыл. Бүгінгі таңда ____(күні) ___ (айы) ______ жылғы дейін жарамды біліктілік санатына иемін:

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі:

| Оқу орнының атауы | Оқу кезеңі | Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) |
|---|---|---|
| | | |

Жұмыс өтілі:

| Жалпы | Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша | Педагогикалық | Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған жылын көрсете отырып____________________________________________

Тестілеуді тапсыру тілі (қажеттісінің астын сызу): қазақ/орыс

Білім беру ұйымының басшысы жұмыс істейтін білім беру ұйымы (қажеттісінің астын сызу): мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, арнайы білім беру.

Аттестаттау қағидаларымен, Ұлттық біліктілік тестілеу туралы нұсқаулықпен таныстым.

«____» _________ 20 ___ жыл ________________
(қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
2-қосымша

Нысан

## Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға рұқсаттама

Облыс/Аудан/Мектеп

**ПЕДАГОГКЕ РҰҚСАТТАМА**

Т.А.Ә.:_____________________ АКТ: __________________

ЖСН: __________________

Жоспарланған біліктілік санаты: __________________

Педагог қызметкер жұмыс істейтін білім беру ұйымының деңгейі: __________________

Тестілеу орны:

____________________________________________________________________

Мекенжайы: ______________________________________________________________

Аудитория: _______________________________

Тестілеудің тапсыру тілі: _______________________________

Тестілеу күні: _______________________________

Тестілеуге тіркелудің басталу уақыты: _______________________________

Тестілеу пәндері: 1. ____________________________________________

2. ____________________________________________

**Аттестаттау**

**комиссиясының төрағасы:** __________ _______________________________

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

**Педагог**: ___________ _________________________________

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Рұқсат беру күні: ____________________________________________________

| **Педагогке жадынама:** | **Педагогке:** |
| --- | --- |
| Педагогтің өзімен бірге тестілеуге рұқсат қағазы және жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (жеке куәлік немесе паспорт) болуы тиіс.<br><br>Педагогті тіркеу аяқталғанға дейін тестілеу орнына келуі қажет. Педаготі тіркеу 45 минут жүзеге асырылады және тестілеу басталғанға дейін 15 минут қалғанда аяқталады. | Өзімен бірге анықтамалық әдебиеттерді, жазба кітаптарын, диктофондарды, ұялы телефондарды, электрондық құрылғыларды және сол сияқтыларды, сондай-ақ тестілердің мазмұнын және оларға дұрыс жауаптар кодтарын ашатын мәліметтерді алып жүруге немесе пайдалануға;<br><br>басқа педагогтермен сөйлесуге;<br><br>орнынан орын ауыстыруға;<br><br>кезекшінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға жол берілмейді.<br><br>Ереже бұзылған және тыйым салынған заттар анықталған жағдайда тиісті акт жасалады, педагог аудиториядан шығарылады, нәтижелері жойылады.<br><br>Нәтижелері бейне материалдарды зерттеу шеңберінде тестілеу аяқталғаннан кейін де жойылуы мүмкін.<br><br>Жұмыс істеу үшін әрбір педагогке А4 форматындағы үш парақ беріледі. Тестілеу аяқталғаннан кейін Министрлік өкіліне парақтарды тапсыру қажет. |

Мен жадынамамен таныстым және наразылығым жоқ.

Рұқсаттамадағы деректер дұрыс екенін растаймын

_____________________________________________________________

**(Педагогтің қолы)**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
3-қосымша

Нысан

**Аудиторияда тәртіп ережесін бұзған педагогті аудиториядан шығару және заттарды табу актісі**

Тестілеуді өткізу орны

______________________________________________________________

______________________________________________________________

«_____»_____________20____ж. _____сағ._______мин.

Осы акт ______________________туралы

______________________________________________________________

______________________________________________________________

педагог______________________________________________________________,

**(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)**

АКТ______________________________________________________________

**(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)**

(аудитория №___, орны №____, нұсқа №_______) тестілеу уақытындааудиторияда жүріс-тұрыс ережесін бұзды):

______________________________________________________________________

_____________________________________________________________________,

бұзушылық фактісі. Осы фактінің негізінде материалдар алынды, білім беру ұйымының басшысы аудиториядан шығарылды, тестілеу қорытындысы жойылды.

Актімен таныстым: ____________________________________
(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Аудитория бойынша кезекші ____________________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Тестілеуді өткізуге жауапты ___________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия төрағасы ______________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Күні:________

Мөр орны

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
4-қосымша

Нысан

**Тестілеуде бөгде адамды анықтау актісі**

Тестілеуді өткізу орны

_______________________________________________________

«______»_______________20____ж. ______сағ._______мин.

Осы акт________________________________________________жасалды

**(Т.А.Ә. бар болған жағдайда)**

азамат тестілеу тапсыру барысында

_______________________________________________фактісі анықталды.

**Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)**

_______________________________________________педагогтің орнына

АКТ____________________________________________________________

**Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)**

Осы фактінің негізінде аудиторияға кірген жағдайда материал алынды, білім беру ұйымының басшысы аудиториядан шығарылды, тестілеу нәтижелері

жойылды; ғимаратқа кірген кезде жалған тұлғаны анықтаған жағдайда-тестілеуді тапсырғанға дейін жіберілмеуі.

Актімен таныстым: ________________________________
(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Аудитория бойынша кезекші ________________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Тестілеуді өткізуге жауапты ____________________________
(Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия төрағасы _____________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Күні:________

Мөр орны

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
5-қосымша

Нысан

**Ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама**

_____________________біліктілігі бойынша _____________ қаласында 20______жылғы _____айы_____күні ұлттық біліктілік тестілеуге қатысты

__________________________________________________________________

**(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)**

| Үлгі атауы | Тест тапсырмаларының саны | Ең жоғарғы балл саны | Жиналған балл |
|---|---|---|---|
| Заңды білуі | | | |
| Барлығы | | | |

Жауапты тұлға: ______________________________
(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
6-қосымша

Нысан

Аттестаттау комиссиясының төрағасы

________________________________________
(білім беру ұйымының атауы),
аудандық (қалалық) бөлімдері,
облыстардың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың және астананың білім
басқармалары, уәкілетті орган)

**Біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш**

**Аттестаттауға қатысуға өтініш**

Мен, ___________________________________________________,

ЖСН ______________ (педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

__________________________________________________________________

(лауазымы, жұмыс орны)

Лауазым (мамандығы) бойынша_________20___жылғы біліктілік санатына аттестаттауға қатысуға рұқсат беруді сұраймын.

Бүгінгі таңда _____ (күні) ___ (айы) ______ жылға дейін жарамды біліктілік санатым бар

Мына жұмыс нәтижелерін негіз деп есептеймін:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын

Білімі:

| Оқу орнының атауы | Оқу кезеңі | Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) |
|---|---|---|
| | | |

Жұмыс өтілі:

| Жалпы | Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша | Педагогикалық | Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған жылын көрсете отырып

Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары) жұмыс істейтін білім беру ұйымы (қажеттісінің астын сызу): мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, арнайы, қосымша білім беру.

Кезекті біліктілік санатын бері (растау) тәртібімен таныстым.

«____» _________ 20 ___ жыл ________________

(қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
7-қосымша

Нысан

| **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде-20 минут;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға – 3 (үш) жұмыс күні;<br>3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес, Мемлекеттік корпорацияға – 7 (жеті) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.<br>1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;<br>2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.<br>Өтініш берушінің (өкілдің) өтініші болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай ішінде мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң өтініш берген кезде талап етілмеген ретінде көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | жеке тұлғаларға тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Көрсетілетін қызметті берушіде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;<br>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.<br>Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады, «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға:<br>1) өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады);<br>3) білімі туралы диплом;<br>4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);<br>5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;<br>6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар тұлғалар үшін);<br>7) Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;<br>8) ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен бекітілген және мөрімен куәландырылған ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама;<br>9) білім алушылардың/тәрбиеленушілердің (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК педагогтерін қоспағанда) жетістіктерін растайтын құжаттар);<br>10) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені қорытуды растайтын құжаттар;<br>11) оқуды/сабақтарды бақылау парақтары (ПМПК педагогтерінен басқа);<br>3)-11)-тармақтарда санамаланған құжаттар түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.<br>Қосымша келесі құжаттар ұсынылады: |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – жарияланымдарды, жобаларға қатысуын, инновациялық, эксперименттік қызметті растайтын құжаттар, әзірленген әдістемелік материалдар;<br>Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін - білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын біліктілік санаттарын беру арасындағы кезеңдегі білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері;<br>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін-білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған шеберлік пен дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері;<br>Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін – білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері;<br>Арнайы білім беру ұйымдарының, білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптардың (топтардың) педагогтері үшін (ПМПК педагогтерінен басқа) – жеке дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша маман қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері;<br>Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:<br>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;<br>2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды берген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Организм функциялары тұрақты бұзылып, оның тыныс-тіршілігін шектейтін денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері бірыңғай байланыс орталығы 1414; 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;<br>2) мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz. интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz ескерту. |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
8-қосымша

Нысан

| **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде-20 минут;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға – 3 (үш) жұмыс күні;<br>3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес, Мемлекеттік корпорацияға – 7 (жеті) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.<br>1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;<br>2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беруден (растаудан) өту үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның |

| | | |
|---|---|---|
| | | өкілі) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.<br>Өтініш берушінің (өкілдің) өтініші болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай ішінде Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті берушіге талап етілмеген ретінде қайтарылады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Жеке тұлғаларға тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Көрсетілетін қызметті берушіде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;<br>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.<br>Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады, «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға:<br>1) өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады);<br>3) білімі туралы диплом;<br>4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);<br>5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;<br>6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар тұлғалар үшін);<br>7) Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;<br>8) ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен бекітілген және мөрімен куәландырылған ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама;<br>9) білім алушылардың/тәрбиеленушілердің (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК педагогтерін қоспағанда) жетістіктерін растайтын құжаттар);<br>10) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені қорытуды растайтын құжаттар;<br>11) оқуды/сабақтарды бақылау парақтары (ПМПК педагогтерінен басқа); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3)-11)-тармақтарда санамаланған құжаттар түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.<br>Қосымша келесі құжаттар ұсынылады:<br>Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – жарияланымдарды, жобаларға қатысуын, инновациялық, эксперименттік қызметті растайтын құжаттар, әзірленген әдістемелік материалдар;<br>Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары үшін - білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын біліктілік санаттарын беру арасындағы кезеңдегі білім сапасының көрсеткіштері;<br>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін-білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған шеберлік пен дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері;<br>Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін – білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері;<br>Арнайы білім беру ұйымдарының, білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптардың (топтардың) педагогтері үшін (ПМПК педагогтерінен басқа) – жеке дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша маман қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері;<br>Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады. |
